

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ С.МӘУЛЕНОВ
АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі



Коммунальное государственное учреждение
«ГИМНАЗИЯ ИМЕНИ С.МАУЛЕНОВА
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА КОСТАНАЯ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

2026 жылғы 08 сәуір
Қостанай қаласы

ПРИКАЗ

№ 123
город Костанай

**2025-2026 оқу жылындағы білім алушыларды аралық,
қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы**

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес, Орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 05 тамыздағы №174, «Қостанай облысы бойынша орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ-нің 2025 жылғы 14 тамыздағы №559, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» ММ-нің 2025 жылғы 18 тамыздағы №439 бұйрықтарына сәйкес, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің С.Мәуленов атындағы гимназиясы» КММ-нің 2025 жылғы 25 тамыздағы №188 бұйрықтарына сәйкес және гимназияда 2025-2026 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025-2026 оқу жылын аяқтаудың мынадай тәртібі бекітілсін:

- 1) гимназияда оқу сабақтары 2026 жылғы 25 мамырда аяқталсын.
- 2) 2025-2026 оқу жылын ұйымшылдықпен аяқталуын өткізу бойынша іс-шаралар жоспары бекітілсін. (1 қосымша)

2. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының талаптарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының аяқталуын қамтамасыз етілсін.

3. Талапқа сәйкес 5-8, 10 сынып білім алушыларын аралық аттестаттаудан, 9,11 сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізілуі ұйымдастырылсын.

4. Қорытынды аттестаттау кезеңінде ауырып қалған оқушыларға өткізіп алған емтихандардан қайта өтуге жоғарыдағы талаптарға сәйкес жүргізілсін.

5. Білім алушылардың қайта қорытынды аттестаттауы белгіленген кестеге сай мерзімінде жүргізілсін.

6. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сәйкес оқу жоспарының, оқу бағдарламаларының толық орындалуы қамтамасыз етілсін.

7. Білім алушылар, ата-аналар мен педагогтер арасында педагогикалық кеңестерде, ата-аналар жиналысында, сынып сағаттарында оқушылардың мектепті бітірулері жөнінде, аралық, қорытынды аттестаттау өткізу туралы, сыныптан сыныпқа көшіру тәртібі бойынша түсініктеме жұмыстары жүргізілсін.

8. «Білім туралы құжаттарды дайындауға ресімдеу жөніндегі талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің м.а 21 қарашада 2007 ж. №565 бұйрығына сәйкес қатаң есептілік бланкілерін толтырылуы қамтамасыз етілсін.

9. Емтихан материалдарын алу және сақтау кезінде құпиялылық пен құпиялылықтың қатаң шараларын сақталуы қамтамасыз етілсін.

10. Қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссияның барлық мүшелеріне емтихан материалдарын алу және сақтау, олармен жұмыс істеу кезінде құпиялылық пен құпиялылықтың қатаң шараларын сақталуына дербес жауапкершілігі жүктелсін.

11. Құпиялылықты сақтау туралы қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссияның барлық мүшелерімен түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

12. Білім алушылармен аралық, қорытынды аттестаттауын өткізу кестесі бекітілсін. (2,3 қосымша)

13. Білім алушыларының қорытынды аттестаттауына дайындық өткізу кестесі бекітілсін. (4 қосымша)

14. Аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу барысында кезекшілік кестесі бекітілсін. (5 қосымша)

15. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор:



А.Мадibaев

Бұйрықпен таныстырылды:

«08» сәуір 2026ж.

1.Г.Балтабаева

2.С.Бейсенова